

"Шығыс Қазақстан облысы бойынша балық шаруашылығын жүргізуге арналған балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесін бекіту туралы" 2007 жылғы 5 сәуірдегі № 75 қаулыға өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 3 сәуірдегі № 513 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 7 мамырда № 2482 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 359 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ШҚО әкімдігінің 29.01.2010 № 359 қаулысымен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 4-тармағына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шығыс Қазақстан облысы бойынша балық шаруашылығын жүргізуге арналған балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 5 сәуірдегі N 75 қаулысына нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 2444 болып тіркелген ("Дидар" газетінің 2007 жылғы 5 мамырдағы N 46-47 (15798), "Рудный Алтай" газетінің 2007 жылғы 5 мамырдағы N 66 (18304) сандарында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

қаулының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі".

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Ж. КӘРІБЖАНОВ

Келісілді:

*"Ертіс бассейндік су шаруашылығы
басқармасы" мемлекеттік мекемесінің
бастығы*

К. Көбегенов

*"Зайсан-Ертіс облысаралық балық
шаруашылығы бассейндік басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің бастығы*

М. Қабдығали